

## **Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін бекіту туралы**

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 130 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 мамырда № 4110 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабының 1 тармағының 17-3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 "Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының төмендегі тізбесі бекітілсін:

жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – пироплазмоз, тейлериоз, сальмонеллез;

жылқылардың ауруы – нуталлиоз, сақау;

түйелердің ауруы – су-ауру.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – Түркістан облысы әкімдігінің 15.02.2019 № 25 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2 "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялануына жолдануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3 Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

*Облыс әкімі Ж.Түймебаев*

*Д.А.Сатыбалды*

*Ә.Е.Тұрғымбеков*

*Ж.Қ.Бөкенбаев*

*Б.С.Жамалов*

*Е.Ә.Садыр*  
*Ұ.Сәдібеков*  
*А.С.Сәбитов*  
*К.Н.Мендебаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК